Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілімен қолдану негіздемесі

2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы » Қазақстан Республикасының №106 -VIII ҚРЗ Заңы күшіне енді, осыған байланысты заңнаманың бұрынғы редакциясы өзектілігін жоғалтты.

Күші жойылған «Мемлекеттік сатып алу туралы » 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген Заңының 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша тікелей жасасу бір көзден тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізуді реттейтін 41-бап қамтылған.

Бұл норма тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алудың басқа тәсілдерімен сатып алу мүмкін болмаған жағдайларда ғана тікелей шарт жасауға жол берді.

Жаңасының қабылдануымен Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106 -VIII ҚРЗ Заңы « Мемлекеттік сатып алу туралы » 41-бап алынып тасталды және заң шығарушы бір көзден мемлекеттік сатып алуды реттеу тәсілін айтарлықтай жаңартты.

2024 жылғы 1 шілдедегі Заң, сатып алудың басқа тәсілдерін қолдану мүмкін еместігін дәлелдемей, жаңа заңда көзделген жағдайларда тікелей шарт жасау жолымен бір көзден сатып алу тәсілін қолдануға тікелей мүмкіндік береді.

« Мемлекеттік сатып алу туралы » Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106 -VIII Заңының 10 бабының 6 – тармағына сәйкес, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган айқындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесін қоспағанда , мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін осы Заңға сәйкес айқындайды.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106 -VIII Заңының 16 бабы 3 – тармағының 28 тармақшасы негізінде егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса , осындай біртекті тауарларды, егер бір текті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса,осындай жұмыстар мен қызметтерді, ал аудандық маңызы бар
қалалар,ауылдар,кенттер ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың, еселенген мөлшерінен аспаса,сатып алу.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 506-509-тармағына сәйкес Заңының 16- бабының 3- тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасау жолымен бір көзден алу тәсілін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі

негізінде, шартты тікелей жасау жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не тапсырыс берушінің басшысынемесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды.

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда , мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5- бабының 1 – тармағының 1,4,6, және 7 тармақшаларымен көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жүзеге асырылада.

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға Заңның 5- бабының 1- тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық жүйені сүйемелдеу және техникалық қолдау жөніндегі қызметті сатып алу үшін сома ҚҚС есептемегенде 800 000 мың теңгені құрайды,бұл өз кезегінде 28- тармақшада белгіленген 500 АЕК (500*4325= 2 162 500 теңге) мөлшеріндегі шекті көлемнен аспайды,оның ішінде жоғарыдан ҚҚС есептеу есебінен жиынтық соманы ұлғайту кезінде.

« Мемлекеттік сатып алу туралы » Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106 -VIII ҚРЗ Заңының 5- бабының 1 – тармағы 1-тармақшасының талаптарын сақтауда мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны , оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау үшін үш әлеуетті жеткізушіге коммерциялық ұсыныстар жіберілді, атап айтқанда:

1.«Консалт проф сервис» ЖШС;
2.«АзияShym Сервис» ЖШС;
3.«ItProfService» ЖШС;

Ұсынылған баға ұсыныстары барысында әлеуетті өнім берушілер ең аз соманы анықтады- «АзияShym Сервис» ЖШС

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып,шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден шарт жасасу заңды,жол берілетін және мынадай шарттар сақталған кезде негізделген болып табылады:

тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алуды өткізу туралы бұйрық бар;

үш өнім берушінің коммерциялық ұсынысы бар;

тікелей жасасу арқылы бір көзден шарт жасасудың негіздемесі бар;

Бөлім басшысы **Ж.Кәділ**